

*Қадірбаева Р.І.*

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН  
ДАМУҒА КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА КРЕАТИВТІЛІКТІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

*Кадирбаева Р.И.*

**НЕОБХОДИМОСТЬ КРЕАТИВНОСТИ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ  
ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ И РАЗВИТИЕ  
ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ**

*R.I. Kadirbaeva*

**THE NEED FOR CREATIVITY IN THE PROFESSIONAL  
PREPARATION OF FUTURE TEACHERS AND DEVELOPMENT  
OF CREATIVE ABILITIES OF PUPILS**

УДК: 37114.

*В статье рассматривается формирование креативности как фактор повышения качества профессиональной подготовки будущих учителей по развитию творческого мышления школьников.*

*The article discusses the formation of creativity as a factor of improving the quality of professional training of future teachers in the development of creative thinking of students.*

Әлемдік білім кеңістігіне бағдарланған жаңаша білім беру оқушыға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, олардың шығармашылық құндылықтары негізінде танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған жеке тұлғасын қалыптастыруды көздейді. Ұлттың шығармашылық әлеуетін әр жеке тұлғаның шығармашылық деңгейі көсетеді. Өзекті мәселені көре білетік, ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан, ой-өрісі кең, білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайында оңтайлы пайдалана білетін шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру қазіргі білім беру стратегиясының басты бағыты.

Қай кезевде болмасын зерттеуші ғалымдар шығармашылық іс-әрекетке, дарындылық қабілеттілікке, адамның мақсатқа бағытталған шығармашылық әлеуетін арттыруға баса назар аударып келгені белгілі. Бүгінгі таңда да шығармашылық проблемалары зерттеліп, оларды тану өнімді нәтижелер беруде. Бұл зерттеулердің ерекшеліктерінің бірі – шығармашылық феноменінің басымдылығы. Сонымен қатар, терминологиялық аппарат кеңейтілді: «шығармашылық», «шығармашылық элеу ет», «шығармашылық қабілеттер», «шығармашылық процесс», «шығармашылық ойлау», «шығармашылық тұлға», «шығармашылық әрекет» тағы басқа терминдерге талдау жасалып, олардың қолдану аясы, жіктелуі негізделе бастады. Мұндағы «шығармашылық элеует» ұғымы «дарындылық», «қабілеттілік», «талант» секілді шығармашылықтың негізгі ұғымдарымен

қатар принципалді тұрғыдан аса маңызды ұғым болып табылады.

Шығармашылық проблемасын әрекетті түрлендіру арқылы қарастыру оқу процесіне тиімді бола бастады. Бұрыннан белгілі ғылыми, техникалық, әдеби, музыкалық, көркемдік шығармашылыққа ойын, оқыту, коммуникативтік, жағдаяттық, әскери, басқару тағы басқа шығармашылық түрлері қосылды.

Шығармашылық теориясын дамытуда Н.А.Бердяев, Б.А.Лезиннің түйсік дтуының философиялық-лингвистикалық тұжырымдамасының маңызы зор. Бұл ілім бойынша шығармашылық әрекет арқылы тұлға табиғатының жоғары және шексіз деңгейдегі сипаты анықталып, шығармашылық шынайылық идеясымен байланыстырылады. Олардың пікірінше, шынайы объективті әмір - шығармашылық табиғатына қарсы келетін қажеттіліктер мен тайталас әрекеттер әлемі.

Н.А.Бердяев шығармашылық табиғатын талдай отырып, мынадай қағидаларды бөліп көрсетеді: шығармашылық үрдіс еркіндік болғанда ғана жүзеге асады; шығармашылық дара тұлғалық сипатта көрінеді; шығармашылық әлемдік, жалпы адамзаттық, гарыштық және элеуметтік бағытта болады [1].

Шығармашылық қабілеттің психологиялық табиғатын анықтауда *креативтік* ұғымының мәні мен мазмұнын анықтау да маңызды болып табылады. Креативтік - (ағылшын тілінен аудармасы - жаңаны ойлап табу) - жеке тұлғаның шығармашылыққа қабілеттілігі, шығармашылық дарындылық деңгейі, шығармашылыққа қабілеттілігі білдіретін жеке тұлғалық және ойлау сапаларының қандайда бір жиынтығы деп түсінеміз.

Шығармашылық психологиясындағы креативтілік атауымен белгілі болған бағыттағы зерттеулермен Дж.Гильфорд, С.Медник, В.Смит, К.Тейлор, Е.Торренс, Х.Трик, М.Уоллах, Д.Халперн, Н.Т.Алексеев, С.М.Бернштейн, А.Н.Лук, Я.А.Пономарев, Н.Г.Фррлов, Э.Г.Юдин,

М.Г.Ярошевский т.б. ғалымдар айналысты. Көптеген зерттеулердегі креативтілікке берген анықтамалар мен ұғымдарды талдай және жалпылай отырып, Р.Холлменн былай дейді: «Креативтілік жаңа тәсілмен жүзеге асырылған қабылдау ағыны (Маккеллар), жаңа байланыстар табу қабілеті (Кюби), жаңа қарым-қатынастардың пайда болуы (Роджерс), жаңа шығармалардың туындауы (Меррей), жаңалықтар ашуға және оларды білуге қабілеті (Лассуэль), жаңа шешімдерге эжелетін ақыл-ой іс-эрекеті (Жерар), жаңа ұғымға тәжірибені көшіру (Тейлор), жаңа констелляциялық мағыналардың елесі (Гизелин)»

Көптеген зерттеушілер креативтіліктің анықтамасында тұлғаның ерекшелігіне немесе қасиетіне басты назар аударады. Дж. Гилфорд креативтілік пен шығармашылық элеуеті ұғымдарын табысты шығармашылық ойлауға ықпал ететін қабілеттер мен басқа ерекшеліктердің жиынтығы тәрізді анықталуы мүмкін деп есептейді.

Дәстүрлі психология мен педагогикада креативтілік тұлғалық категория ретінде, атап айтқанда, креативтілік дивергенттік ойлау (Гилфорд, О.К. Тихомиров) немесе интеллектуалдық белсенділік (Д.Б. Богоявленская, Л.Б. Ермолаева-Томина), немесе тұлғаның ықпалдастық сапасы (Я.А. Пономарев және т.б.) деп қарастырылады. Тұлғаның шығармашылық элеуеті, жалпы алғанда креативтілігі дамып отыратын шығармашылық білім беру мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және басқару ретінде қарастыратын педагогикаға қатысты. Сол себепті креативтілікті білім беру және тәрбиелеу процесінде тұлғалық категория ретінде қарастырып, оны дамыту мүмкіндігін зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Проблеманың тиімді шешілуі интеллектуалдық тест арқышы анықталатын білім мен біліктерге байланысты болмай, ақпаратты түрлі тәсілдермен және шапшаң темпте орындау қабілетіне тікелей байланысты болу креативтілікке жатады, Креативтілікті диагностикалауда негізгі құрал "жеке ассоциациялар тесті" (Кетоіе Аззосіаіез Тезі) қолданылады. Мұнда үлкен көлемдегі ақпараттар ішінен кейбір символдар деңгейінде зейінді шапшаң аудара алу қабілеті тексеріледі.

Дж.Гильфорд креативтілікті сипаттайтын 16 гипотекалық интеллектуалдық қабілеттерді анықтаған. Оның ішінде,

- ой-өрісінің шапшандығы (аз уақыт ішінде туындаған идеялар саны);
- ой икемділігі (бір идеядан екіншіге ауыса алу қабілеті);
- ерекше ойлау (жалпы қабылданған идеялардан ерекше идеяларды шығару қабілеті);
- білімпаздық (білім құмарлық, басқа адамдарды қызықтыра қоймайтын проблемаларға жоғары сезімталдық).

Демек, креативтілік жеке тұлғаның бағыттылығынан (танымдық мотивацияның басым болуы, танымдық қызығушылық, танып-білуге ұмтылу, білімқұмарлық); қабілеттерінен (стретиптерді жеңе білу, проблеманы сезіну, ой жүйріктігі мен алғырлығы); мінез-құлқынан (бірегейлік, бастамшылдық, белгісіздікке шыдамдылық, зеректік) танылатын, оның интегралды сапасы ретінде қарастырылады.

Креативтілікті сипаттайтын ерекше қабілеттер:

- ой белсенділігі мен алғырлығы, бірегейлік, білімқұмарлық, болжам жасауға қабілеттілік, қиялшылық;
- пікір дербестігі;
- пікірдің өзектілігі;
- ассоциациялау жеңілдігі, «ойлау үрдісінің қайтымдылығы».

Д.Б.Богоявленская креативтілікті жеке тұлғаның «шығармашылық дарындылығы» ретінде қарастыра келе, шығармашылықты талдау бірлігі ретінде интеллектуалдық белсенділікті (шығармашыл тұлғаның танымдық және мотивациялық сипаттарын олардың бірлігінде бейнелеп көрсетеді) және оның үш деңгейін *«стимульдыц - өіімді, эвристикальдыц және креативтілік»* ажыратады. Алғашқы деңгейге интеллектуалдық белсенділігі танымдық ынта және жігерлілікпен жұмыс жасау бары-сында да бастапқы берілген тәсіл шеңберінде қалатын адамдар жатқызылады, олардың іс-эрекеті сыртқы стимулмен анықталады. Эвристикалық деңгейдегі адамдарға өз іс-эрекетінің құрамы мен құрылымын талдау, түрлі міндеттерді өзара салыстыру тән, бұл жаңа шешімдерге жол ашуға жетелейді. Интеллек-туалдық белсенділіктің креативтілік деңгейіндегі адамдар құбылыстардың себептерін түсінуге тырысады, ал бұл өз кезегінде, зерттеудің жаңа мақсаттарына айналады, талдау үрдісін терең-детеді. Егер *«стимульдыц-өіімді деңгейлі»* тұлға берілген тәртіп шеңберінде жұмыс қарқынын арттырып, іс-эрекетті ұғынбай көшірмелесе, *«эрист»* оны жаңа тәсілдермен орындайды, ал *«креативті субъект»* мәселені теориялық тұрғыда түсіну үшін пән мазмұны тереңіне бойлайды [3].

Креативтілікте шығармашылық ойлауды қамтамасыз ететін жағдайлар арасынан ынталандыру, өзекті сұрақ көптігіне орай мадақтау, ізденімпаздық жағдаятын туғызу, дербес, жеке зерттеулерге назар аудару және т.с.с. ажыратылады. Креативтілік көпқырлы блып келеді. Адамдардың креативтілігі түрліше болуы мүмкін: біреулер кәсіби сферада креативті болса, екіншілері жеке өмірінде креативтілік танытады.

Шетел әдебиеттерінде креативтіліктің үлкен және кіші түрлерін ажыратады. Кіші немесе жеке тұлғалық креативтілік күнделікті өмірде және қарапайым ситуацияларда байқалады. Үлкен немесе тарихи креативтілік деп ауқымды жетіс-

тіктерге жетуде қоғам мен мәдениеттің дамуына әсер ете алатын креативтілік сапаны айтады.

Дж.Гильфорд креативтіліктің негізгі өлшемдерін былайша көрсетеді:

- ерекше бағыт - ассоциацияларды жүйелей отырып, айрықша, ерекше жауаптарды табу қабілеттілігі;
- семантикалық икемділік - нысанның функциясын айқындай отырып, оны жаңаша қолдануды ұсына білу қабілеті;
- бейнелі-адаптивті икемділік - стимул формасын өзгертуде, оның жаңа мүмкіндіктері мен белгілерін көре білу қабілеті;
- кездейсоқ-семантикалық икемділік - күтпеген жағдаяттарда түрлі идеяларды ұсыну қабілеті;

Педагогикалық зерттеулер мәліметтері көрсеткендей, креативтілік қоршаған орта әсерінен анықталып, оның дамуына мынадай факторлар басымдылық көрсетеді:

- ✓ қарым-қатынастық ауқымдылығы, оның ішінде "шығармашыл тұлғалармен", "идеалдармен" қарым-қатынаста болу және оларға еліктеу;
- ✓ анасымен демократиялық қарым-қатынас; отбасындағы эмоционалдық қарым-қатынас.

Ф.Баррон және Д.Харрингтон 1970-1980-жылдары креативтілікті қарастыра отырып, оған мынадай жүйелі талдау жүргізеді:

1. Креативтілік - жаңа бағыттар мен жаңа нәтижелерге айрықша назар аудара білу қабілеті. Мұндай қабілет сапалы және санадан тыс үрдіс ретінде сипатталғанымен, болмыстағы жаңашылдықты сезінуге мүмкіндік береді.
2. Жаңа шығармашылық өнімді жасау көп жағдайда шығармашыл тұлғаның ішкі мотивациялық күшіне тәуелді болып келеді.
3. Креативтілік үрдіс пен өнімнің құрамы оның ерекше бағытына, дербестігі мен эстетикалық талғамына байланысты болады,
4. Креативтілік түрліше болуы мүмкін: математикада есепті жаңаша шешу, химиялық реакцияларды табу, музыкалық әуенді шығару, т.б.

Сонымен, креативтілік тұлғаның білімі жан-жақты болуымен емес, оның мәселелерге сезімталдығымен, жаңа идеяларды қабылдауға икемділігімен, жаңаны құру мақсатында тұрақтап қалған стереотиптерді өзгертіп, өмірлік проблемалардың күтпеген және кездейсоқ шешімін табуға бейімділігімен айқындалады. Ғалымдар креативті тұлғалардың бірнеше сапаларын атап көрсетеді: жұмыстағы өзіндік тәртібінің бблуы, ой қорытуының дербестігі, белгісіз жағдайларға шыдамдылық танытуы, жоғары дәрежеде дербестігінің болуы, жыныстық стереотиптердің болмауы, тәуекелге бел бууы және тапсырманы жоғары деңгейде орындауға ұмтылуы.

Педагогикада «креативтілікті тұлғалық категория ретінде зерттеу тұлғаның өздік білімін

көтеру мен шығармашылық дамуға жету мақсатында оқыту мен тәрбиелеудің - шығармашылық процесі тиімді ұйымдастыру мен басқару формаларын табуға мүмкіндік береді. Тұлғаның креативтілік әлеуеті саналы іс-әрекетте дамитын болғандықтан оның білім беру әрекетінде креативті процеске тиімді кірісуіне жағдай туғызу керек. Креативті тұлғалардың өзіне тән мотивациялық бағдары - оның қызығушылықтарының көп болуы. Олар жаңа тәжірибеге ашық ұмтылады және жаңашылдықты қолдайды.

М.М.Поташниктің ойынша: «педагогикалық еңбектің шығармашылықсыз болуы мүмкін емес, олай болмайды да, өйткені, ерекше балалар, түрлі жағдайлар, оқытушы тұлғасы және кез-келген педагогикалық шешім үнемі осы ерекше факторлардан туындайды. Балалармен жұмыс істеп жүрген мұғалімдер осы ерекшеліктерді ескермесе, оның әрекеті «педагогикалық» еңбектен тысқары жатыр деген сөз. Ғылым және өнер қортынан туындаған педагогикалық әрекет шығармашылықты туындатады».

Педагогикалық әрекетті шығармашылық ұстаным жағынан қарастыра отырып, М.М.Поташник оның практикалық тұрғыдан іске асатынына назар аударды: проблемаларды үлгіден тыс шешу бағдары; жаңа формалар, әдістер мен тәсілдерді дайындап, сонылығымен үйлестіру; тәжірибені тиімді түрде пайдалана білу; жетілдіру, тиімділік, білетіндерін жаңа міндеттерге сәйкес жетілдіру; жоғары дамыған интуицияны сәттілікпен қолдана білу; бір проблеманың шешімін әртүрлі тәсілмен шеше білу жолдарын таба білу; әдістемелік ұсыныстарды, теориялық білімді нақты педагогикалық әрекетте қолдана білу және тағы басқа [2].

«Педагогикалық шығармашылық» және «педагогикалық шеберлік» ұғымдарын талдай отырып, олардың мағыналық жағынан ұқсастықтары М.М. Поташниктің еңбектерінде көрсетілген. «Шебер» - өз мамандығын терең игерген қызметкер, ол үлкен тәжірибеге байланысты болады. Бірақ та әлі шебер болмаған жас мұғалім де шығармашылықпен жұмыс істей алады. Демек, шебер болу педагогикалық шығармашылықпен жұмыс істеу нәтижесі деуге болады. Олай болса болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлау үдерісінде олардың өздерін педагогикалық шығармашылыққа баулу маңызды.

Болашақ мұғалімді кәсіби даярлау мәселелеріне байланысты зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрсеткендей, шеберлікті жеке-шығармашыл деңгейде ғана меңгеруге және кәсіби білім, білік пен дағдыларды жеке тұлға ретінде игеруге болады. Басқаша айтқанда, әрбір жас маманның кәсіпке тек өзіке тән «психологиялық кірісі» бар. Сондықтан да В.Л.Кан-Калик мамандарды жаппай репродуктивті деңгейде даярлау концепциясына олардың қалыптасуының жеке-шығармашыл

принципін қарсы қояды. Болашақ мұғалімдерді даярлауда жеке-шығармашыл тәсіл төмендегілерді болжайды:

- болашақ маманның дамуына тұлғалық көзқарас;
- оның шығармашыл жеке тұлғалығын анықтау және қалыптастыру;
- іс-эркеттің қайталанбайтын «технологиясына» кәсіби көзқарастарын дамыту [4].

Егерде оқу қызметі барысында болашақ мұғалім шығармашылық ойлауы қалыптасып, және сол шығармашылығын болашақта оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға пайдаланатындай әдіс-тәсілдерді меңгерген болса, онда ол кәсіби қызметінде жоғары күзіреттілікті, мотивациялық бағдарларды және көлемді мәселелерді шешудегі тәжірибелілікті көрсететін маман болады.

Сонымен, болашақ мұғалімнің төменде көрсетілген қызмет түрлерінде креативті сипаттағы біліктері мен дағдыларын қалыптастыру маңызды:

- өз іс-эркетін жоспарлау;
- алдына қойылған мәселені шешуде
- ақпараттар іздеу;
- ақпараттық мәліметтерді жобалау және құрастыру;
- қарым-қатынас тәртібін сақтау мен

- мәліметтерді құрылымдау;
- өмірдегі заманауи техникалық құралдарды
- қолдану дағдылары сияқты қызметтің
- барлық түрін құрылымдау.

Қазіргі кезде елімізде білім беру жүйесі құрылымдық өзгерістерге түсіп жатқаны белгілі. Дәл осы сәтте профессор А.Ф.Лазурский айтқандай адамның дарындылығы оның кәсібімен анықталмайды деген ойдың ерекше құнды екенін ескеру қажет. Яғни оның ойы бойынша, адамның дарындылығы оның не істейтінінде емес, оны қалай істейтіндігінде. Осы ойдың негізінде болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлау үдерісінде олардың креативтілігін қалыптастыру қажеттілігін басып айтуға болады.

#### Әдебиеттер:

1. Бердяев Н.А. Смысл творчества - М.: Искусство. Лига,1994.-356 с.
2. Нағымжанова К.М., Нұрғазиева Н.С. Креативтілік және шығармашылық мәселелерінің теориялық аспектілері, Вестник КАСУ №1,2006
3. Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества -Ростов н/Д:РГУ,1983.- С19.
4. Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. - М., 1990.

Рецензент: д.пед.н., профессор Байгазиев С.Б.